

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай



Құрыш қала KZ



khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 22 шілде жұма 2016 жыл № 11 (60)



Бәрекелді!

Біздің қаламыздың қарт тұрғыны күні кеше 100 жасқа толды. Ғасыр жасаған қарияның өмір жолы тек ұрпақтарына ғана емес, сонымен қатар баршаға үлгі-өнеге болары анық.

«Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақшы».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Ғасыр жасаған қария

Илья Иванович Кубанкин Теміртауда 1960 жылдан бері тұрады, осында тамырын тереңге жайған бәйтеректей үш қыз, бір ұлымен бақытқа толы отбасылық өмірдің қызығын көрді, еңбек етіп, зейнетке шықты.

- Илья Иванович екі ғасырдың куәсі, ол Ұлы Отан соғысының ардагері, әскер қатарына сонау 1937 жылы алынып, Уссурий өлкесінде қызмет еткен, әскерден оралып, енді шаңырақ көтеріп, үй болған сәтте Ұлы Отан соғысы басталып, ол тағы да әскер қатарына алынып, бұл жолы майданға аттанады. Сөйтіп, Донбаста, 18-ші Оңтүстік армияның 383-ші дивизиясы құрамында соғысады. Қолынан жараланып, госпитальда жатады, - деп жүз жасқа толған ардагерді құттықтауға барған қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Нина Вахитова жиналғандарға қарт солдаттың өмір жолынан естеліктер айтты.

Бұл күні қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Спабеков, қалалық мәслихат хатшысы Василий Свиридов, «Нұр Отан» партиясының Теміртау қалалық



филиалының жетекшісі Алтынбек Есмұрзаев, Қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы Қ.

Әбішев, медицина колледжінің директоры Светлана Брамонтова және ерікті жастар ұйымдарының

өкілдері сынды басқа да бірқатар лауазымды тұлғалар шын жүректен құттықтауларын айтып,

ардагерге сыйлықтар тапсырды.

1944 жылы алған жарақатының салдарынан екінші топтағы мүгедек атанған жауынгер И.Кубанкин әскерден босатылады. Госпитальда оның жараланған қолын кесуге ұйғарым жасапты дәрігерлер, сонда ол: «Жоқ, кесе көрмеңіздер, тым болмаса қолым кәдеге жарамаса да өз орнында болсын» деп қарсылық танытқан екен. Сөйтіп ол майданнан омырауына «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы», «III дәрежелі Даңқ» ордендері мен бірнеше медальдар тағып, туған топырағы Краснодар өлкесіне, Ростов облысына оралады. Бұл кезде сүйген жары Дарья мен ұлы Владимир оны күтіп жүр екен. Осылайша, бейбіт еңбекке араласуды мақсат тұтады, отбасында Надежда, Рая, Наталья деген қыздары бірінен соң бірі дүниесігін ашады.

Илья Иванович Кубанкин 1970 жылдан бері зейнетте, ол «қимыл-қозғалыс-өмір сүрудің көзі» деген қағиданы ұстанады, 2012 жылға дейін саяжайда бау-бақша өнімдерін егумен айналысқан. Бүгінде ол жүз жасқа толғанымен үйдің ішінде әрі-бері жүруді, буындарына жаттығу жасауды әдетке айналдырған. Бәйбішесі 2007 жылы 90 жасында өмірден өткен, балалары бөлек тұрса да күн сайын хабар алып, әкелерін аялап күтеді.


Ғасыр жасаған соғыс ардагерін құттықтауға барған барша жанға ол алғысын айтып, ризашылығын білдірді, соғыс жылдарындағы жауынгерлерге рух берген әндерді қосыла шырқады.

Руза АЛДАШЕВА

Ағасқан
ағымдарға
қарсы күрес

3-бет





Сәт сапар

Бразилияда өтетін жазғы олимпиадаға біздің облыстан он бір спортшы қатысады, оның төртеуі өзіміздің құрыш қаладан. Байрақты бәсекеде алғаш рет қатысу бақыты дзюдошы Ж.Смағұловқа, боксшы А.Жүсіповке, жеңіл атлеттер А.Кудинова, А.Романова, Р.Кашафутдинова сияқты жастардың үлесіне тиіп отыр. Сонымен бірге есімі елге танымал болған жерлестеріміз апалы-сіңілі Немичтер де тұңғыш рет синхронды жүзуден еліміздің намысын қорғайды.

Жуырда облыс әкімі Н.Әбдібеков олимпиадаға қатысатын спортшылармен кездесіп, оларға ақ жол, сәт

сапар тіледі.
— Мұндай жарысқа қатысу әрбір спортшының арманы, әрі үлкен міндет жүктейді. Біз еліміздің олимпиадалық



Спорт

«Әрбір қазақстандық саламатты өмір салтынсыз, тамақты тарта ішпейінше, қимыл-қозғалыссыз және спортсыз ұзақ өмір сүру мүмкін емес екенін білуге тиіс».

Президент Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ

Қалалық спартакиада



қорытындысы бойынша жеңімпаздар кубокпен және ақшалай сыйлықпен марапатталады. Қазір он үш құрама команда қатысуда,- дейді қалалық спорт бөлімінің басшысы Дәурен Есімханов.

шыққан қызметкерлердің талабы таудай, олар бойларындағы күш-жігерлерін жарыс жолында көрсетпек. Спартакиадаға қатысушылар өз мекемелерінің намысын қорғаумен қатар салауатты өмір салтын ұстанатындарын паш етпек. Иә, халқымыз «Тәні саудың - жаны сау» дейді, бұл ретте Теміртауда спорттық шаралардың жиі өтетінін айтсақ да жеткілікті. Спартакиада барысында жарыс жолына түскендерге белгілі бапкерлер төрешілік жасап, өз бағаларын беретін болады. Ал ашылу салтанатында қала әкімінің



Бұл күні Теміртаудың аспанын бұлт басып, ақ жауын себелеп тұрғанымен, жарыс жолына

орынбасары В.Цай ақ жол тілеп, баршаны құттықтады.

Өз тілшімізден



Өзекті мәселе

Жыл сайын шілде келіп, жеміс-жидек піскен кезде қант проблемасы басталады. Биыл да сауда орындары бұл дәстүрден жаңылған жоқ. Алдымен оның бағасы біршама өсті де, кейін мүлде жоғалды. Өткен аптада ғана көтерме сауда бағасы 260 теңге болған, «енді кезекті партия 310, 315 теңгеден болмақ» дейді дүкен иелері. Сонда сауданың үстемесін қосқанда қант бағасы 350 теңгеге жетіп қалды, соның өзінде «бір қолға 2-3 келіден» деген анықтамаларды да кездестіресіз.

Мамандар қант бағасының осылайша құбылуына Орталық Азия қант корпорациясы кінәлі дейді. Оның тауарды жіберу бағасы мамыр айынан бастап бірнеше рет өзгерген, бұл бір жағынан доллар бағамының тұрақсыздығына да тікелей байланысты.

Жергілікті басшылар біздің аймаққа жуырда екі вагон қант келеді деп күтіп отыр. Осы апта соңында облыстың барлық сауда орындары қантпен қамтамасыз етілмек.

— Біздің қалада оның бағасы қандай болатынын дәл айта алмаймын, біраз қазіргіден арзанырақ болатыны анық. Қала тұрғындары бірер күн шыдағандары жөн, осы демалысқа қарай Теміртау дүкендерінің бәрінде қант болады. Сондықтан қантқа зәрулік уақытша нәрсе деп айтқым келеді, —дейді қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлім жетекшісінің міндетін атқарушы С.Зияшев.

Қант саудасындағы осындай келеңсіздіктерге байланысты табиғи монополия және бәсекелестікті қорғау жөніндегі департамент басшысы түсініктеме берді. Ол қант зәрулігі қолдан жасалды деген пікірде, егер тексеріс барысында бұл жағдай толық расталатын болса, 5 көтерме өнім жеткізушіге шара қолданылатын болады. Олар заңсыз тапқан пайдасының үш пайызы көлемінде айыппұл тартады. Ең бастысы, қант төңірегіндегі дау-дамайдың алдын ала келісіммен қолдан жасалғанын, сөйтіп, оның бағасының дереу өсуіне және тапшылығына жол берілгенін дәлелдеу ғана қалып тұр.

ҚАҚПАРАТ

Олимпиадаға аттанды

құрамасы қатарында қарағандылықтардың бар екенін мақтан тұтамыз. Баршаңызға табыс тілейміз, өйткені бұл нағыз батырлардың, ептілер мен мықтылардың бәсекесі,-деді облыс басшысы.

Сондай-ақ 2004 жылғы Афина олимпиадасының қола жүлдегері С.Елеуов, танымал спортшы Д.Карпов, құрлықтың арғы жағына сапар шеккелі тұрған әріптестеріне ақ жол тілеп, «ештеңеден қорықпаңдар, қарсыластар да сіздер сияқты ет пен жүректен жаралған жан-дар деп» өзінің шын жүректен шыққан ниетін арнады.

Қазір жер-жерде Рио-де Жанейрода өтетін олимпиадаға байланысты түрлі қолдау шаралары жүріп жатыр. Танымал

байкер Д.Петрухин олимпиадаға қатысатын спортшыларға қолдау көрсету мақсатында Қазақстан жалауын салтанатты түрде желбіретіп жүретін автошеру өткізді. Он алты қаланы басып өтетін бұл сапар 6 шілдеде Астана күнінде жолға шыққан еді. Әр қалада оларды спортқа жанашыр топтар қарсы алып, игі тілектерін білдірумен болды. Жуырда ол біздің облыста болды.

— Мотошеру биылғы жазғы олимпиадаға қатыс атын жерлестерімізді қолдау және жастарға патриоттық рух беру, спортты барынша кеңінен дәрiптеу, жастарыд молынан қатыстыру мақсатында өткізілуде,- деді Д.Петрухин.

Өз тілшімізден

Аналарға құрмет көрсетілді



*«Әйел —
ошағымыздың
ұйытқысы,
Отанымыздың
сақтаушысы, береке
бірлігіміздің алтын діңгегі,
ұлттық мәдениетіміздің
мәйегі».*

Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ

Өткен аптада қаламыз металлургия мерекесін атап өтіп, еңбегімен еленген бір топ майталмандарды марапаттады, концерттік бағдарламалар мен басқа да түрлі іс-шаралар болды. Ардагерлерді елеп-ескеру, ардақтау, құрмет көрсету секілді

себеппен олармен кездесудің сәті түскеніне қуаныштымын,- дейді іскер әйелдер Ассоциациясы директорының міндетін атқарушы Айя Бегімова.

Бұл күні мұнда комбинатта, қаламызда еңбек еткен ардагер аналар бас қосып, Теміртаудай тұғыры биік шаһардың гүлденуіне, мұндағы металлургия саласының қарышты дамуына қосқан үлестері жайында сыр шертті.

— Ел арасында «Әйел-жастық шағын күйеуіне арнайды» деген сөз бар, ал біздің теміртаулық аналар күш-жігерге, қайратқа толы жастық шақтарын комбинатқа берді. Сондықтан бүгінде ардагер атанған анала-



ізгілікті істер әлі де жалғасын табуда. Бұл ретте халқымыздың «Ештен кеш жақсы» деген тәмсілін ұстанған қаламыздағы іскер әйелдер Ассоциациясы өткен дүйсенбі күні «Спутник» кафеіне ардагер аналарды шақырып, ақ дастарқан жайды.

— Мен бұл қызметке жақында ғана кірістім, дегенмен, қаламызда өтіп жатқан металлургия күніне орай үнсіз қалуды жөн көрмей, бір топ аналарды шақыруды, олардың бір аяқ ас үстінде бір-бірімен шүйіркелесіп, еңбекпен жалындап өткен жастық шақтарын еске алуларына ұйытқы болғанды жөн көрдім. Ардагерлерімізден біздің алатын үлгі-өнегеміз көп, сондықтан арамьзда аман-есен жүре берулеріне тілектеспіз, осындай

рымызбен дидарласу біз үшін де мәртебе,-деді қалалық мәслихат депутаты Гүлнар Мусина.

Мұнан соң қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Нина Вахитова сөз сөйлеп, әйелдердің, ардагерлердің қоғамдағы, отбасыдағы рөлі туралы айтып, теміртаулықтарды тағы да бір мәрте металлургия мерекесімен құттықтады.

Дастарқан басында Әсия Ысқақова, Тамара Штельмайстер, Каман Мылтықбаева, Касья Дүйсебаева, Ирина Вайс, Галия Катенова, Людмила Баранова сынды ардагер аналар өңгіме-дүкен құрып, бір жасап қалды. Соңынан шаңырақ иесіне алғыстарын айтып, ақ баталарын беріп тарасты.

Р. ЖАҚЫПҚЫЗЫ



Өзекті мәселе


Адасқан ағымдарға қарсы күрес

Аты-жөні: Қанаев Дәурен Шегениязұлы
Туған жылы: 1987 жыл 14 желтоқсан
Білімі: Букетов атындағы ҚарМУ – философия - психология факультетін бітірген.
Мамандығы: Әлеумет танушы.
Қызметі: Теміртау қалалық Ішкі саясат бөлімінің конфессияаралық қатынастар мәселелерін зерттеу және талдау орталығының директоры.

оның пайдасы мол дегенмен радикалдық көзқарастағы топ дегенде олардың әрбір мүшесімен жекелей жұмыс жүргізу қажет болатын шығар?

– Ондай жұмыстар да негізгі нысаналы ісіміз. Әсіресе, жастардың арасында, мектептерде, орта жоғары оқу орындарында

радикалдық көзқарасқа қарсы күрестің тынымсыз жүргізілуі қажеттігін туындатып отыр. Облыстық «Нұрлы білім» қоғамдық бірлестігінің теолог мамандары қала тұрғындарына аптасына екі рет сабақ өткізіп, дін мәселелерінің түсініксіз сауалдарына жауап береді, қазірдің өзінде мұндай сабақтарға 250-ден аса адам қатысты. Балалар демалатын



«Кімде-кімнің жапырақ жаяр жері – Отаны. Отансыз бақыт жоқ. Сол себепті әрбір адам туған жерін, Отанын қастерлеуі керек. «Отанды сүю иманнан» деген мағынасы терең қанатты сөз бар. Өйткені иманды адам өз Отанын сыйлап, қастерлей алады. Ал имансыз адам қадір-қасиетін білмейді».

Ә. ДЕРБІСӘЛІ



Біздің қазіргі уақытта барлық жұртты алаңдатып отырған мәселенің бірі елдегі діни ахуал. Өйткені Ақтөбедегі теракт діни экстремизм, лаңкестік мәселесін саясат алаңына қайта алып келді. Күні кеше ғана оңтүстік астана тападай тал түсте қанға боялды. Бұл әрекеттер осымен шектелмейді, тіпті өзіміздің Балқаш аймағында да теріс ағымдағы топ құрықталды. Олай болса терроризм сонау алыстағы орта Азия немесе Еуропа елдерінде ғана емес дәл өзіміздің төрімізді түртпектеп жүр. Елбасы Н.Назарбаев Ақтөбедегі оқиға салафиттік ағым өкілдерінің ісі десе Алматыдағы жағдайды да бірден террористік акт деп баға берді. Елдің тыныштығын ойрандауға бағытталған осындай жымысқы әрекеттерге қалай қарсы тұру керек, бұл мәселе күні бүгін ғана туындаған жоқ, біраздан бері босағамыздан бұқпантайлап кіріп төрге озып барады. Сондықтан болар билік жанынан осы мәселемен айналысатын арнайы бөлімдер ашылды. Біздің Теміртау қаласында мұндай мекеме 2016 жылғы қаңтар айынан бастау алады. Жуырда аталған ресми бөлімнің адасқан ағымдарға қарсы жүргізіп жатқан қызметі, негізгі жұмыс бағыты мен жоспарлары жөнінде әңгіме құрған едік, соны назарларыңызға ұсынамыз.

– Дәурен Шегениязұлы әңгіменің әлқиссасын өзіңіз жетекшілік ететін орталықтың жұмысынан бастасаңыз?

– Иә, дін атын жамылған теріс пиғылды әрекеттер әлемді алаңдатып отыр. Өзіміздің Тәуелсіз Қазақстанда соңғы уақытта орын алған оқиғалар баршаны бейжай қалдырмайды. Біздің бөлімнің негізгі міндеті конфессияаралық қатынас мәселелерін зерттеу және қандай да бір келеңсіздікке жол бермеу мақсатында құрылған. Штатта 5 адам бар. Үшеуі тікелей дін танушы мамандар, екі адам «Нұрмүбәрәк» Египет, ал біреуі Қарағанды университетінің түлектері.

Бұған дейін аталған мәселемен Ішкі саясат бөлімінің бір ғана маманы жұмыс істеген еді. Қазір арнайы орталық ашылғандықтан жұмыс жүйеленді. Біз күнделікті ісімізде ҚР Конституциясының, «Діни қызмет және Діни ұйымдар туралы» заңды, 2013-2017 жылдарға арналған «Экстремизм мен терроризмнің алдын алу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның талаптарын басшылыққа аламыз. Негізгі мақсат ел тыныштығы үшін, соған қарсы әрекеттің қандай да түрінің алдын алу. Арнайы құрылған ақпараттық түсіндіру тобында 20 адам бар, бәрі де өз ісін жете білетін, дін мен дәстүрді ұштастыра алған білікті мамандар, ортасына сыйлы азаматтар. Топтың ең белсенді мүшелері ретінде металлург ардагер ақсақал Ільяс Баймұрзаевты, орталық мешіттің бас имамы Ақылбек Алтынсариєвті атап айтқым келеді. Қала көшелерінде теріс ағымдарға қарсы насихат сөздері жазылған 3 баннер ілулі тұр. «Комсомолец», «Премьера» кино театрларында қысқа бейне жазбалар көрсетіледі. Мұның бәрі жат ағымдарды жастардың бойына жолатпау үшін белгілі бір тосқауыл қалыптастыруда. Радикалдық ағымдарға қарсы күресте жергілікті баспасөзді, телерадио компанияларын пайдаланып жүрміз.

– Әрине үгіт-насихат қажет кезінде мұндай жалпыға арналған шаралар дәстүрлі түрде өтіп жатады,

кездесудің маңызы зор. Көптеген жастар нағыз таза діннің не екенін түсінбейді. Өйткені қазір кітап оқудан гөрі әлеуметтік желілердегі жеңіл-желпі уағыздар мен үндеулер тез қабылданады. Ал мұны экстремистер оңтайлы пайдаланып кетіп отыр. Біздің бөлімнің мамандары өзіміз іске кіріскелі 118 теміртаулық тұрғынмен жеке жұмыстар жүргізді. Өйткені олардың көзқарасының, ой-идеясының дәстүрлі діннен бөтен екенін танып білдік. Соңғы 3 жылда ғана қаламыздың 6 тұрғыны өздерінің радикалдық діни көзқарастары үшін қылмыстық жауапқа тартылып сотталды. Намаз оқымағанды кәпір санайтын, Ханафи мәсхабын мойындамайтын, мешіттің тәртібімен санаспайтын адамдарды назарға аламыз, олармен арнайы жұмыстар жүргізіліп адасқандықтарын түсіндіріп, беттерін дәстүрлі дінге бұруға ықпал жасаймыз, ал мұндай тәрбиеге көнбегендер күндердің күнінде өздерінің теріс көзқарастарының ықпалымен қылмысқа барып жататыны анық. Мысалы былтыр Александр Николаев деген жігіт исламға кіріп Иса деген атты иемденді, бірақ пиғылы тұзу еместігін көрсетті. Қаламыздағы шығыс полиция бөлімі ғимаратын жарып жіберемін деп қоқан лоққы да көрсетті, сөйтіп сотталып түрмеге тоғытылды. Біздің өндірістік, оқу, демалыс, спорт, көңіл көтеру орындарына бай қаламызда осындай жағдайлардың орын алуы

жазғы лагерлерде де осындай әңгімелер ұйымдастырылды.

– Қазір елдің аузында дәстүрлі исламмен тай-таласқа түскен салафилік ағым туралы әңгіме көп. Дін істері комитетінің басшысы Қазақстанда салафизмді ұстанған адамдардың саны 15 мыңдай деген деректі де айтып қалды. Еліміздің 400-ге жуық азаматы Сирияда соғыста деген ресми мәлімет баспасөзде жазылған, соның басым көбі осы біздің Қарағанды аймағынан делінеді. Оның ішінде теміртаулықтар бар ма?


– Сирияда соғысып жүрген қазақстандықтар арасында біздің қала тұрғындары жоқ деп кесіп айтуға болмайды, осыдан біреу жыл бұрын көмелетке енді ғана толған жас жігіттің әлде біреулердің ықпалымен сонда кетіп қаза тапқанын ел-жұрт әлі ұмыта қойған жоқ. Соңғы біреу жылдың көлемінде ғана Қарағанды облысынан 300-дей отбасы Сирияға аттанған, олардың бәрі де діни радикалды топтардың идеясын мойындап өз еріктерімен кетті. Ешкім де тоқтау сала алмайды. Өйткені ресми түрде бәрі де түпкі мақсаттарын жасырады емес пе? Бір айта кетерлігі олар негізінен 18-29 арасындағы жастар, білімдері таяз, дәстүрлі исламды толық білмей жатып экстремистердің жалаң үндеулеріне сенгендер.

Сондықтан ата-аналар отбасында балаларға, әсіресе жасөспірімдерге мұқият қадағалау жүргізуі керек. Интернеттен не көреді, қандай сайтқа кіреді бақылауда болғаны дұрыс. Өйткені экстремистер «Мен исламды жақсы көремін», «мен исламды оқып жүрмін» деген сияқты топтарды құрып өздеріне назар аударту арқылы бастарын айналдырады.

– Біздің қаламызда қанша діни бірлестіктер жұмыс істейді?

– ҚР Дін істері агенттігінің мәліметі бойынша елімізде 4000-нан аса діни бірлестік тіркелген соның тең жартысы мұсылмандық, ал Теміртауда 3 мұсылман мешіті, 11 протестанттық, екі православтық, бір католиктік шіркеу жұмыс істейді. Негізі ресми тіркелгендер өздерінің дәстүрлі діндерін шариғатқа және діни өкімдерге байланысты жүргізіп келеді. Қауіп-қатер, айла-шарғы әрекеттер ресми тіркелмеген ұйымдардан тарап жатыр. Мәселен маусым айында екі теміртаулық тұрғын терроризмді насихаттағаны үшін ұзақ мерзімге сотталды. Олардың біреуі өзін Мұстафа деп атап радикалдық ағымға қосылған, сөйтіп Республика даңғылы бойындағы пәтерінде жасырын жиындар өткізіп, қарулы жиһадқа үндейтін бейнебаяндарды көрсеткен, ондағы мақсат Сирия аумағындағы террорлық ұйымдарға адам тарту болған. Абырой болғанда тиісті құрылымдық ұйымдар оларды дер кезінде құрықтап, бірде-бір адамның Араб елдеріне жіберілуіне жол бермеді. Көріп отырғанымыздай біздің бөлім мамандары атқаратын жұмыс көлемі аз емес. Адасқан ағымның соңына ілескендерге тоқтау салу қажет. Біз сол үшін күн сайын тиісті үгіт-насихат, зерттеу, танымдық ақпараттық жұмыстарын жүргізе береміз. Қазақтың халық батыры Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген, сондықтан дінді бетперде ғып ел арасында іріткі салуға ұмтылғандарға тосқауыл жасалады. Ешкім де біздің Тәуелсіз еліміздің шаңырағын шайқалта алмайды.

– Әңгімеңізге рахмет. Әңгімелескен Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



2016 жылы Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО аясында өтетін болды. Халықаралық ұйым кезекті 38-сессиясында осындай қаулы қабылдады. Енді жауапкершілік — Қазақстан Үкіметі мен Алаш көсемінің өмірін, сан қырлы қызметін, баға жетпес мұрасын зерттейтін ғалымдар мойнында.

ЮНЕСКО Бас конференциясының 2-18 қараша аралығында өткен 38-сессиясы «Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына арналған мерекелік шараларға қатысу туралы» Атқарушы кеңестің ұсынысын бекітті. Ол жөнінде Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы өкілетті уәкілі Сатыбалды Бұршақов хабарлады.

«Бүкіләлемдік шынайы даңқты қайраткер» деп танылған Әлихан Бөкейханов кім?

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (05.03.1866 — 27.09.1937) — соңғы хан-сұлтандардың бірі — Бөкейдің тікелей ұрпағы. Бөкейдің 1816 жылы хан тағына отыруынан тура 50 жыл өткен 1866 жылы 5 наурызда дүниеге келген.

Сонау Омбыда оқыған 1886-1890 жылдары-ақ Әлихан Бөкейханов Ресей империясының отарлық езгісінде отырған алты алашының тарихын, мәдениетін, көшпелі шаруашылығы мен кәсібін зерттей келе, отаршыл империяның жүргізіп отырған жыртықшылық, озбырлық саясатына қоса туған халқының тұрмыс-тіршілігіне деген сыни көзқарасын білдіре бастайды. «Қыр халқы, — деп жазады Қыр ұғлы (алғашқы лақап аты — С.А.) — Әлихан 1889 жылы «Дала уалаяты газетінде» жарық көрген бір мақаласында, — бос жүреді. Бос отырған бастарына ауыр сын тумаған соң мехнат-жұмысқа иленбей мал шаруасыменен күнелтіп жүрді. Мал бағу өз жөніменен жүре береді. Өлгенге шейін (өле өлгенше. С.А.) бір қазақ мал бағуды түзеуге ойлаған жоқ, қанша заманнан бері ата-бабаның жолыменен жүреді де отырады».

Сол жылғы екінші бір мақаласында Әлихан қазақ қоғамында заманына лайық мәдениеттің, адамгершілік, моральдық құндылықтардың аяқасты болғанын өкінішпен атап көрсетеді. Орыс империясының аяусыз езгісінен көне дәуірден келе жатқан төл мәдениетін ұмыта бастап, жер-суынан айырылып құрдымға ентелеген қазақ қоғамында, оның пікірінше, шексіз тұтынушылық пен байлардың қалың бұқараны қанауы, болыс билігі үшін руаралық талас-тартыс, «күшті ру» немесе «жақсы қазақтардың» «нашар қазақтарды» аяусыз езгіп-қанауы кең етек алып отырғанын: «Біздің қырға бір жөні жоқ ғадат неше заманғы рәсімдер жүреді, — деп жазады Ә.Н. (Әлихан Нұрмұхамедұлы) 1889 жылы. — Біреуді күшті кісі я күшті тұқым деп адал-арам болса да жалпылдатып жүреді. Біздің заманының заңонымыз, ұлығымыз жоқтай, мақұлықменен қаңғырып жүргендей күшті тұқымдар нашар



Әлихан Бөкейхановқа 150 жыл

тұқымдарды ренжітеді».

Сонымен бірге, Әлихан «қазақ тып-тыныш жатып, еріншек, һешнәрсе қылмайды» деп ойламайды. Оның көміл сенімінше, қазақтар «қайратты, жұмыстың бөріне жарайды... Бірақ (оларды) қозғау керек». «Қыр халқы... ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақылы-санасы болған соң, сол ... заманда болған балаларымыз бізден ақылды болып, біздің заманымыздағы аталарымыздың қылғандарын көріп таң қалар я ойламай қатырар», — деп Қыр ұғлы алты алашының жарқын болашағына зор үмітпен қарады. Өзірше, алғашқы мақалаларында ол орыс келімсектерінің отарлау саясатының қысымымен көшпелі мәдениет пен шаруашылықтан бір жерге байланған тұрмыстың азабын көріп отырған қазақ, оның көзқарасынша, «рухани дамуының балалық шағында жүр». Омбы техникалық училищесін аяқтаған соң, ең алдымен қазақ халқының ата-баба жерін келімсектерден қорғау керектігін бүкіл сана-сезімімен сезген Әлихан 1890 жылы Санкт-Петербургтың орман институтына түсіп, онымен қарама-қатар астаналық императорлық университеттің заң факультеті курсынан экстерн әдісімен оқып, 1894 жылы ормантанушы-ғалым және заңгер деген екі диплом алады. Әлихан Дала және Түркістан өлкелеріне бөлінген Қазақ елінің жерін, әлеуметтік-экономикалық ахуалын, халық шаруашылығын, төрт түлік малы мен санын, табиғаты мен ауа райын зерттеген 4 ғылыми экспедициясының жұмысына қатысады. Осы жылдары Әлихан бүкіл отаршыл империяға танылған ғалым, Қазақстан бойынша теңдессіз білгір сарапшы ретінде танылып, туған елі мен халқының тарихы, экономикасы, мәдениеті, шаруашылығы, оның ішінде дәстүрлі мал шаруашылығы және жері туралы бірнеше іргелі ғылыми монография, ондаған очерк, мыңнан аса мақала мен еңбек жазып жариялайды. Алты алаш көсемінің осы күнге қарай анықталып жиналған шексіз бай мұрасының жалпы көлемі 16-18 томдық жинақты құрап отыр. Әйгілі энциклопедист ғалым, Қазақ елінің теңдессіз білгірі, журналист, көсемсөзші

Әлихан өзінің сан қырлы ғылыми және публицистік қызметін қоғамдық-саяси күресімен қарама-қатар атқаруға мәжбүр болды. 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс төңкерісі кезінде ол ұлт зиялыларының Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев, Міржақып Дулатов, Райым-жан Мөрсекұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы сынды алдыңғы қатарлы өкілдерін өз төңірегіне топтастырып, бүгінгі күні «Алаш» деген атауымен белгілі ұлт-азаттық қозғалысының жаңа толқынын бастады. Өзінің 1910 жылы Санкт-Петербургте «Қазіргі мемлекеттердегі ұлттық қозғалыстың формалары» жинағымен басылып шыққан «Қазақтар» («Қырғыздар») атты әйгілі тарихи-анықтамалық очеркінде Қыр баласы — елағасы өзі бастаған осы зиялылар тобын «батысшылдар» деп атайды: «Таяу келешекте қырда, бөлкім, екі саяси партия ұйымдастырылатын шығар... Олардың бірі ұлттық-діни аталуы ықтимал және қазақтардың өзге мұсылмандармен бірігуі оның идеалы болып табылады. Екінші батысшыл бағыты осы сөздің кең мағынасында айтқанда — қазақ даласының болашағын саналы түрде батыс мәдениетін жүзеге асыру отырып көреді».

Бүгінгі таңда батысшыл зиялылардың атқарып кеткен қызметі «Алаш» ұранды ұлт-

азаттық қозғалысы ретінде танылса, Әлихан Бөкейхановты оның идеялық негізін қалаушы, бас идеологы, саяси жетекшісі деп бірауыздан мойындайды.

«Алаш» қозғалысы мен оның көсемі Әлихан Бөкейхановтың 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін, яғни отаршыл патшалық самодержавие тұсында қандай қиян-кескі күрес жүргізгенін мынадай фактіден байқауға болады. 1917 жылғы төңкеріске дейінгі және одан кейінгі кезеңде бір Әлиханның өзі 7 рет тұтқындалып,

бірнеше тәуліктен 4 және 8 айға дейін түрмеде отырып шығып, 2 рет саяси айдауда болды. Оның ішінде Самарада 8 жылын өткізсе, Мәскеуде шым-шытырық оқиғалар мен қиян-кескі күреске толы ғұмырының ақырғы 15 жылын сарп етті.

«Алаш» қозғалысының басы-қасында жүріп, ол халқының жазбаша тарихын жазу, таныту мақсатында ұлтының тарихын тиянақты зерттеді. Алтын Орданың заңды мұрагері болып табылатын, бір кезде қуатты мемлекет болған Қазақ хандығының бірліктен, күш-қуатынан айырылып, отарлыққа түсуінің объективті де субъективті себептерін анықтады. Ол, сондай-ақ, XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясының отарлау саясатына ең ауқымды қарулы қарсылық көрсеткен Кенесары хан көтерілісінің өз мақсатына жете алмауының тарихи себептерін де зер сала зерттеді. 1903 жылы Санкт-Петербургте Әлихан екі автормен бірлесіп жазған «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени жетістіктері» атты тұңғыш ғылыми монографиясын жариялады. Бұл шығармасында ол Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуын, хандықтың кейінірек үш жүзге бөлініп Ресей империясымен одақ құрамын деп оның отарына айналуы, ақыр аяғында Сібір және Орынбор қазақтары туралы 1822-1824 жылдардағы екі ереженің күшімен хандық институты жойылып, қазақтың ұлттық мемлекеттігінен айырылған тарихын мейлінше жан-жақты сипаттап берді. 1910 жылы өзінің ең танымал «Қазақтар» атты тарихи-анықтамалық очеркін жариялады.

Өз туындыларында Әлихан түрлі тарихи жағдаяттардың салдарынан Ресей империясының отарлығына душар болған башқұрт, татар, хақас, қырғыз, Қырым татарлары, ноғай, алтайлықтар сынды басқа түркі халықтарының тарихын, тұрмыс-тіршілігін де, ол халықтардың қазақпен арадағы рухани, мәдени байланысын, отарлық езгідегі ауыр халін де мейлінше кең қамтыды. Бұлтартпайтын мұрағат құжаттары мен түрлі естелікке қарағанда, 1917-1920 жылдары Әлихан Ресейдің өзге түркі-мұсылман халықтарының көсемдерімен таяу болашақта біріккен түркі-мұсылман елі —Түркістан мемлекетін құру мүмкіндігін талқылайды. Сол кездегі құбылмалы саяси ахуалды ескере отырып, алты алаш көсемі оны «Шығыс Ресей мұсылмандарының федерациясы» деп атауды ұсынады.

Ұлтының тарихын зерттей келе Әлихан қайғылы болса да маңызды бірнеше тұжырымға, оның ішінде тарихи және ең бастысы, саяси қорытындыға келеді. Олардың біріншісі: алты алаштың бірлігінен, соның салдарынан тәуелсіздігінен айырылуының ең басты сыры — бұрынғы хан-



сұлтандардың Ресей империясы тарапынан отарлау қаупі төнген сәтте де өз билігіне қараған ру-жүздерді біріктіре алмауы. «Бұрынғының көбі, — деп жазды Түрік баласы (Әлиханның қазақша лақап есімінің бірі — С.А.) 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Қазақ тарихы» мақаласында, — күш-қуатты тиісті орнына жұмсамай, бірінің көзін бірі шұқудан уақыты артылмады, істегенінің бәрі жәбір, залым болды; қылғанының бәрі зорлық-зомбылық еді». Сол себепті де Әлихан туған халқы алдын-да бұрынғы хан-сұлтандардың тікелей ұрпағы ретінде өзін айыпты сезінді, кең сахара даласында емін-еркін көшіп-қонып ғұмыр кешкен, қайталанбас салт-дәстүрі, мәдениеті бар халқын еш қарсылықсыз отарлыққа жегіп берген алдыңғы хан-сұлтандардың бар кінәсі мен халқының келешек тағдыры үшін бар жауапкерлікті өз мойнына алды. «Хан баласында қазақтың хақысы бар еді, — деп жазды Әлихан 1914 жылы жазған мақаласының бірінде, — тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын». Әлихан соңғы демі біткенше осы сөртіне адал болып қалды.

Өзінің тарихи зерттеулерінен соң жасаған алты алаш көсемінің екінші маңызды саяси тұжырымы — қарулы күрес арқылы қуатты орыс империясының отарлық шырмауынан құтылып, ұлттық мемлекетті қалпына келтіру іс жүзінде де, теория тұрғысынан да мүмкін емес. Қалың қазақты өзін өзі билеу құқына да, одан соң толық ұлттық тәуелсіздікке де қайта қол жеткізетін жалғыз жол, Алаш қозғалысы жетекшісінің көзқарасы бойынша, заман талабына сай ұлттық мәдениет қалыптастыру және қазақ қоғамын еуропалық деңгейге жетелеп жеткізу болып табылады. «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ, — деп ашық атап көрсетті «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 3 санында тағы да сол Түрік баласы, — Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзіміздің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениеті» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» (Казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы».

Әлихан «Алаш» қозғалысындағы үзеңгілестері мен пікірлестерінің алдына ұзақ мерзімге негізделген ауқымы кең стратегиялық мақсат-мүдделер қоятын. Ол мақсат-мүдделердің бір бөлігі 1905 жылғы әйгілі «Қарқаралы петициясына» ойып жазылған-ды. Олардың бірден бір жемісі — 1917 жылға дейін-ақ қазіргі заманғы әдебиеттің проза және поэзия үлгісіндегі тың туындылары — тұңғыш қазақ романдары, очерктері, әңгімелері, пьесалары, поэмалары, өлең жинақтары шыға бастады. Оның ішінде ұлы ақын

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының төл шығармалары мен Пушкин, Лермонтовтан аударған туындыларының тұңғыш жинағы, Сұлтанмахмұттың «Қамар сұлу», Міржақыптың «Бақытсыз Жамал», Спандиярдың «Қалың мал» романдары, Ахметтің И.Крыловтан аударған «Қырық алты мысалы», т.т. бар еді.

Абайдың, Шәкәрімнің шығармаларына, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Спандиярдың романдарына сын жазып, қазіргі әдебиеттанудың, оның ішінде абайтанудың классикалық үлгісін көрсетіп, негізін қаласа, «Қара қыпшақ Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Мырза Едіге» эпостарын, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын жинақ

етіп бастырып, зерттеп, қазақ фольклористикасының пайда болуы мен дамуына зор серпін берді.

«Алаш» идеясының жеңісі «Алаш» қозғалысы мен қайраткерлерінің алдына қойған ауқымды стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін ұлт жақсыларына ғана емес, қалың бұқараға да түсінікті, сана-сезімі мен жүрегіне ұялайтын идея қажет болды.

Әлихан алты алашын ру-руға не жүзге, бай не кедейге, білімді не надан, текті не қарадан деп жік-жікке бөлген емес. Ол қазақты бір ұлт деп көргісі келді, соған жетеледі.

Қазақтың мәдени қайта өрлеуі мен ұлттық бірегейлігінің идеологиясы, ұраны, туы ретінде Әлихан ұсынған «Алаш» идеясы зор нәтижеге, жеңіске жеткізді. Бұл идея оның ойында көптен бері жүрді. Мысалға, «Қазақтар» очеркінде ол «Алаш — миф болса-дағы қазақтың ортақ атасы» деп жазса, 1913 жылы «Қазақ» газетінде: «Шыңғыс хан бүкіл мемлекетін төрт баласына бөліп бергенде, Дешті Қыпшақты, Сібірдің күнбатыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рулы ел бар еді. Сол алты рудың һәр қайсысына бөлек Шыңғыс алты ұран береді: һәр руға өзіне бөлек таңба, ағаш, қос береді. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан «алты алаш» болады. «Алаш» деген сөздің лұғат мағынасы: «отан кісісі» («отечественник») деген сөз болады. Мұны бір ақынның Абылайға айтқан өлеңінен білеміз:

Тақсыр-ау, ұнатсаңыз, қарашыңмын;

Ұнатпасаң, жай жүрген алашыңмын, — дейді. Сол өлеңде «Алаш» отан кісісі мағынасында, — деп атап көрсетті.

1917 жылдың қарашасында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қазақ жерінде сайлауға түскен үш партия — «Үш жүз», большевиктік социал-демократиялық жұмысшылар және «Алаш» партияларының ішінде жалғыз «Алаш» ұранды партия бақталастарын ойсырата жеңіп, 43 депутаттық мандатқа ие болды. Бұл тарихи сәт 1917 жылға қарай отарлықта отырған қазақтың «Алаш» идеясы, туы және ұранымен ұлт болып қалыптасқанын аңғартқан сәт болды. «Алаш» идеясы қазақ ұлтшылдығының идеясы, ұраны болып, ұлттық бірлік пен қайта өрлеудің туы ретінде 1930 жылдардың соңына дейін салтанат құрып тұрды.

Сұлтанхан АҚҚҰЛЫ, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры



— Әкем Сыздық өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап ауылда егіс бригадирі болып жұмыс істеді, ол кезде бригадир, ферма меңгерушісі, колхоз бастығы сияқты санаулы басшы болатын. Күн-түн демей жұмысты жүргізетін де солар еді. Бір үйде екі қыз ғана болдық. Мен ұл балаша өстім. Атқа мініп жер қорыдым, хат танысымен егістіктің есеп-қисабын жүргіздім осылайша мектеп бітіргеннен кейін де бір жылдық курсты тәмамдап бухгалтерлік жұмысқа біржола ден қойдым. Жолдасым ауылдағы санаулы инженерлердің бірі болды. Айыртау, Қоңырат совхоздарында техниканың кідіріссіз жүріп-тұруына айтарлықтай үлес қосты, — деген Аманбала ана өзінің жастық шағын көз алдына келтіре отырып еске алды.

Жаратылысында еңбекқор тынымсыз жан бала тәрбиесіне, туған-туыспен сыйласуға, қонақ күтуге оның сыртында үй шаруашылығын баптауға да мығым болғанын әр сөзінен байқауға болады. Жолдасы осыдан жиырма сегіз жыл бұрын елуден сәл асқанда о дүниелік болған. Сол кезде баланың ең кішісі тоғызда ғана болған, өзі есепші, жалақы мардымсыз, көмелетке толмаған екі балаға ғана жәрдемақы алады, сол болар-болмас табысқа бар баланы оқытып, жоғары білім алып беру оңайлыққа түспеді.

— Қалайда балаларды оқытып, бір-бір мамандық алып беру міндеті ойымнан кеткен емес, бәріне де «мен қиындыққа шыдаймын, жеткіземін, тек оқыңдар» деп талап қойдым. Елу үш жасымда көп балалы ана ретінде зейнетке шыққаннан кейін мал өсірдім, соның арқасында тоғыз баланы жеткіздім, — деген Аманбала апамыз бүгінде ұл-қыздарының Тәуелсіз қазақ еліне білікті маман, білімді азамат ретінде қызмет етіп жүргендерін мақтан етеді. Үлкені Тәбарәк еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған, кейін өзінің туған жері Ақтоғайда бірқатар лауазымды қызметтер атқарды, қазір де сондағы тарихи мұражайдың басшысы, одан кейінгі Болат Балқашта дәрігер, ал қолындағы кіші ба-

Ұлағат

Батыр ана, тыл ардагері Сыздыққызы Аманбала ана жуырда сексен жасқа толған мерейтойын атап өтті, бір әулеттің түтінін түтетіп, отын жаққанына да алпыс жылға айналған. Екі ғасырдың елеулі-елеулі кезеңдеріне куә болған кешегі фашистік Германиямен соғыс кезінде бала болса да тылда еңбек етіп жеңісті жақындатқан, халық шаруашылығын қалпына келтіруге аянбай атсалысқан, одан кейін Тәуелсіз Қазақстанның керегесін керген абзал ананың өмір жолы ұлағатты, кімге болса да өнеге. Ақтоғай ауданы бұрынғы Қорғантас, қазіргі Жидебай ауылының тумасы Аманбала апамыз бүкіл саналы ғұмырын осы өңірдің гүлденіп көркеюіне арнаған.

Жолдасы Клим Жармағамбетұлы инженер, өзі есепші мамандықтарын игеріп ауылды өркендетті, сонымен бірге өздері де өсіп-өнді. Ұлды ұяға қондырды, қызды қияға ұшырды, шетінеген екі сәбиін қоспағанда тоғыз баланы тәрбиелеп, бәріне де өздері қалаған оқуларын оқытып, мамандық алуларына ықпал етті. Қазірде еңбегінің зейнетін көріп отырған ана әлі де тың бала-шағаның, немере-шөберенің тәрбиесінен қалған жоқ, оларға ақыл айтудан да, керекті кеңес беруден де жалықпайды.

Сексеннің еңгіріне ергек жеткен

ласы Самат Теміртаудағы № 4 орта мектепте денешынықтыру пәнінің мұғалімі. Қыздарының ішінде Гүлнәрі ана жолын қуып есепшілікті таңдапты. Ол қазір Шет аудандық әкімдігінде бухгалтер болып жұмыс істейді. Нәсіптің мамандығы мұғалімдік, қазір бала бақшаны басқарады. Сондай-ақ Орал, Гүлмира есімді қыздары да түрлі мамандық иелері.

— Немерелерім — мақтанышым. Қазір он тоғыз немере, он бір шөбере көрдім дедім ғой, солардың бәрі де бір мамандықпен, бір оқумен шектеліп қалған жоқ. Заманның ағымына орай бірнеше тіл игеріп, тіпті екі-екіден диплом алып, оған қоса шетелдерде оқып жатқандары да бар. Жуырда өткен сексен жылдық мерейтойымда немеренің ең үлкені Азаматтың кішкене Алдиярының алақанынан су ішіп нағыз үлкен әже болдым. Бұл үрдісті тойға жиналған қауым қызықтап, бәрі де «сіздің жолыңызды берсін» деп тамашалады. Сонда қаншама жылғы бейнеттің рахаты осы болар деп ой түйдім, — дейді апамыз.

Сексеннің сеңгіріне сергек жеткен ананың есте сақтау қабілеті де керемет. Қандай оқиғаны болмасын күні кеше ғана өткендей көз алдына келтіріп әдемілеп жеткізіп отырды. «Тегінде адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, білім, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген екен Абай атамыз. Мен де кейіпкерімнің әрбір сөзін ой таразысына салып, оның өмірінің әр күні мәнді де мағыналы болғанына ешбір күмәнсіз сендім.

— Осынша жасқа келсеңіз де әлі сөзіңіз, жүріс-тұрысыңыз ширақ, ажарыңыз да айнымаған, қазір «қалай

сақталдыңыз» деген бір сұрақ жиі қойылады, мен де осыны сұрағым келеді, — деген едім.

— Менің өмірім өте бір күрделі кезеңдермен тұспа-тұс өткенін айтпағанда тоғыз баланы жеткізу де оңай болған жоқ, оның үстіне денсаулығым керемет еді десем артық болар. 1959 жылы боткинмен ауырдым, сонда Болат деген балам іште соған қарамастан дәрігерлер мұқият емдеп сәбиді де, мені де сауықтырып алды. Міне содан бері мен өз денсаулығым аса қатты қараймын, тамақты тек дәрігерлердің айтуымен талғап ішемін, майлы, ащы нәрселерді мүлде татпаймын, көбіне қорегім қолдың ірімшігі, сосын айран. Еттің тек майсызын ғана қолданамын. Бала жастан таза ауа, қоспасыз тамақ, тынымсыз қозғалыс денсаулыққа көп пайда екенін өз өмірімнен жақсы түсіндім. Сондықтан қазір де қарап отырмаймын, үйдің ұсақ-түйек жұмыстарын істеймін, бір мезгіл өзім қатарлы құрбылармен хабарласып әңгімелескенді ұнатамын, — дейді апамыз.


Шынында да Аманбала Сыздыққызы жас кезіндегідей қазір де қоғамдық өмірден тыс қалған емес, ол қаладағы ардагерлер кеңесінің, «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің жұмысына белсене араласып жүр. Қазақ мәдени орталығындағы өнерпаз әжелермен сыйласады, мешітке намазға барады, әйтеуір бос отыратын уақыты жоқ. Жуырда ананың сексен жасқа толған мерейтойына Теміртау қалалық ақсақалдар алқасының өкілдері қатысып арнайы құттықтау хатын

тапсырды. Батыр ана «Алтын алқа» иегері өткен жылы «Ұлы жеңістің 70 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталған. Бұрынырақта алған алтын, күміс алқалары, тыл еңбеккері төс бегілері ананың омырауына айшықты

сән беріп тұр.

— Теміртау қаласына көшіп келгеніме алты жыл болды. Мұнда да туған туысқандарым, бала-шағам баршылық. Оның үстіне жаңадан таныс болған өз замандастарым аз емес. Қала әкімдігі батыр ана ретінде бір бөлмелі пәтер берді. Мен өзімнің өміріме ризамын, бала-шағам да еңбегімді ақтады. Күні кеше дүбірлетіп бүкіл ағайын-туғанды жинап үлкен той өткіздік. Мұның бәрі де көрген бейнеттің зейнеті, Алланың берген қызығы деп білемін, — деген Аманбала апамыз өзінің қандай уақытта болса да қиындыққа мойымай еңбектен қашпай өмір сүруінің арқасында тек жақсылыққа жеткенін айтады.

Ана! Бар болғаны үш әріптен ғана құралған бұл сөз әр адамның өміріндегі ең ардақты, ең аяулы жанды білдіреді. Адам баласының бар байлығы, бар асылы жарық дүниені сыйлаған ана екені рас. Ұрпақтары атынан жазылған құттықтау хатта: «Сіз бізді талаптың тұлпарына мінгізіп қайраттандырып, қанаттандырып, өмірдің аламан бәйгесіне қостыңыз, адамның рухы күшті болуы керек деп үйреттіңіз, осы өмірдегі барлық жақсылықты бойыңызға жиып, соны бізге дарыттыңыз, әдемі картаюдан, үйлесімді өмір сүрудің үлгісін көрсеттіңіз, қандай қиындық болса да жеңе алатын сарқылмас күш барын дәлелдедіңіз. Сізге қарап өмір сүруге шабыт аламыз» делінген. Шынында да сексен жастың сеңгіріне сергек шығып қиындыққа қажыр-қайратпен қарсы тұрған Аманбала Сыздыққызының өмірі тек ұрпағына ғана емес, басқа да аналарға, қыз-келіншектерге,



жалпы адам баласына үлгі боларлық, өнеге тұтарлық екенін көрдік. Әрбір адам қиын да қызықты өмірін мән-мағынаға толтыра толыққанды өмір сүрсе оның қайтымы еселеп артатынын осы Аманбала ананың өмірінен көрдік.

Дана халқымыз сан ғасырлық рухани байлығында ата-ананың қадір-қасиеті туралы көптеген ой-пікірлер, көркем сөздер қалдырған. Ананың үміт арманы, бар тілеуі перзенттерінің үстінде екені баршамызға мәлім. Ата-ананы сыйлау, сәби шағында өзіңді қалай бағып-қақса қартайғанда оларды солай алақанға салып аялап күту ұлағаты сақталған. Төріңнен қарт кетпесін деп тілеген де қазақ. «Қарты бар үй қазынасы бар үй» деген тамаша тәмсіл бар. Мен кейіпкерімнің өмірі туралы тәптіштеп сұрап әңгімелесіп отырғанда анамыз жүгіріп жүріп шәй да демдеп қойған еді. Келін баласы жұмыста екенін айтып, өзі ұршықтай үйіріліп, шапшаң қимылдап әңгімеге де, ас мәзіріне де үлгеріп жүр. Шәйдің дастарханында қазақтың сары майы, құрт, ірімшік, талқан тұрғанын көріп ендігі еңгімеміз сол тақырыпқа ойысқан. «Мен базардың талқанын алып таң қалдым, дәмі де көңілімнен шықпады, түрі қоп-қоңыр, мына талқанды ауылдағы қыздарым өздері дайындап жіберіп тұрады. Дәмі мүлде өзге» деді. Шынында да бөлек екен, татып көрдім. Себебін сұрағанымда анамыз «біздің жақта бидайды ұшырып, тазалап сосын барып келіге түйіп, диірменге тартып ал базардыкі тазалауы да, тартуы да кем болғандықтан дәмсіз» дегенді айтты. Шынында да ауылдағы аналар әр тағамның дайындалуына ерекше мән беріп ғасырлар бойғы жақсы үрдістерді сақтаған ғой. Бұл да бір ұлағатты әңгіме.


Ақ айдыңға салып бақыт кемесін,

Жүзің жарқын мейіріммен келесің.

Құтты болсын сексен жасың анашым,

Өзіңізді бір Алламыз демесін деген өлең жолдары асыл ананың бүкіл болмысын, ұл-қызының оған деген шынайы махаббатын көрсетеді. Иә шынында да біз білетін Аманбала Сыздыққызы осындай шексіз құрметке шынайы махаббатқа ие тұлға.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Жиынды ашқан қалалық филиал төрағасы Алтынбек Есмұрзаев:

— Баршаңыз жақсы білесіздер, жыл өткен сайын азаматтық қоғам мен қоғамдық бірлестіктер арасындағы байланыс арта түсіп, ортақ мақсат-мүдде жолында бірлесе жұмыс атқарып келеді. Осы ретте „Нұр Отан„ партиясы бірқатар жобаларды жүзеге асырып, әлеуметтік жағынан аз қамтылған және мүмкіндігі шектеулі тұрғындарға мейілінше көмектер көрсетуде. Сонымен қатар жастар тәрбиесіне, олардың өз елінің патриоты болып өсіп, қалыптасуларына да партия белсенділері мұрындық болып, қыз-жігіттердің бос уақыттырын тиімді өткізуге, жұмыспен қамтылуына өз ықпалын тигізуде. Тағы бір айта кететін жайт, елімізде жүзеге асырылып жатқан көптеген мемлекеттік бағдарламалардың орындалу жайында тұрғындардың ой-пікірлерін біліп, ұсыныстарын тыңдап, кемшін тұстар мен орын алған олқылықтарды жоюда партия қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс жасауда,-деп атап өтті.

Мұнан соң Ішкі саясат бөлімінің басшысы Динара Жүнісова баяндама жасап, қоғамдық бірлестік туралы айтты.

— Қаламыздағы үкіметтік емес ұйымдар әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекеттік органдардың сенімді серігі болып табылады. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда 27 мың коммерциялық емес ұйымдар тіркелген болса, Қарағанды облысында олардың саны 1089-ға жетіп жығылады.

Үкіметтік емес сектормен мемлекеттік органдар арасындағы

Қала тынысы

№ 11 (60) 22 шілде 2016 жыл



Дөңгелек үстел

Өткен жұма күні „Нұр Отан„ партиясының Теміртау қалалық филиалында дөңгелек үстел болып өтіп, оған шаһарымыздағы этно-мәдени орталықтар мен қоғамдық ұйымдардың жетекшілері және бірқатар мекеме басшылары қатысып, қоғамдық бірлестіктер мен олардың атқарып жатқан жұмыстары жайында өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Мақсат ортақ, мүдде бір



өзаара байланыс бірқатар құқықтық актілермен белгіленген,- дей келе одан әрі сол құжаттарды тізбеледі.

Көзі қарақты оқырманның хабары бар, Елбасының „Ұлт жоспары — 100 нақты қадам„ бағдарламасын жүзеге асыру аясында Президент тапсырмасына орай бірқатар заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені мәлім. Солардың арасында үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне байланысты да өзгерістер бар. Негізгі өзгеріс еліміздегі үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттар, сыйақылар туралы заңда болып отыр. Осыған орай үкіметтік емес ұйымдар бойынша өкілетті орган ел аумағындағы оларға берілетін гранттар ретін айқындайды, үкіметтік емес ұйымдарға бөлінетін және жүзеге асырылатын гранттар мониторингін жүргізеді, олар бойынша ақпараттарды жинап, са-

раптама жасайды. Үкіметтік емес ұйымдар туралы барлық нақты ақпараттар мәліметтер базасына енгізілетін болады.

Динара Нұртайқызы мұнан әрі гранттарды беру мен алу тәртібі туралы айтып, өзі басқаратын Ішкі саясат бөлімінің жұмысына тоқталды. Қаламызда жылдан жылға үкіметтік емес ұйымдар саны артып келе жатқаны байқалуда. Бүгінгі таңда олардың жалпы саны 135 болса, нақты жұмыс жүргізетіні 87. 2015 жылы қоғамдық бірлестіктер саны 47 болса, 2016 жыл басталғанда 68-ге жеткен, барлығы 13 бағыт бойынша жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар олардың кейбірі халықаралық қоғамдық ұйымдармен белсенді араласады, нақты атап айтар болсақ, екі үкіметтік емес ұйым халықаралық қолдау қорынан төрт жобаны жүзеге асырған.

Қаламыздағы қоғамдық ұйым-

дар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 2015 жылы жалпы құны - 65, 337 млн. теңге тұратын 18 жобаны жүзеге асырса, үстіміздегі 2016 жылы бұл мақсатқа 65,638 млн.теңге бөлінген. Биылғы жылы мемлекеттік тапсырыс негізінде дене тәрбиесі және спорт бөлімі мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жалпы спорттық іс-шаралар үшін 1 млн. теңгенің жобасын жүзеге асырады. Ал білім беру бөлімі жастар мен жасөспірімдердің бос уақыттарын ұйымдастыруға 10 млн. теңге тұратын жобаны, еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мүгедек ба-

мен жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталды. Былтыр Ұлы Жеңістің және Теміртау қаласының 70 жылдығы тойланған айтулы жылы атқарылған іс-шаралардың көп болғандығы, бұл ретте қалалық жастар ұйымдарының ардагерлерге көрсеткен қамқорлықтарын тілге тиек етіп, алғыс айтты.

— Қазіргі таңда қаламызда қалған соғыс ардагерлерінің ең жасы 89-да болса, үлкені 20 шілде күні 100 жасқа толады. Олардың үштен екісі үйден шықпайды, яғни өз беттерінше жүріп-тұра алмайды. Жыл бойы атқарылатын жұмыстарға қаламыздың депутаттары, кәсіпкерлері, жастар ұйымдары, еріктілер көмек қолдарын созып, талай игілікті де ізгілікті істің атқарылуына өз септіктерін тигізді. Сондықтан айтар алғысым шексіз. Ардагерлер аса белсенді, біз облыстағы ұйымдар арасында алғаш рет ардагерлер клубтарын аштық, аптасына екі, үш рет ардагерлер жиналып, шахмат ойнайды, қолөнермен айналысып, көздің жауын алатын тоқыма бұйымдарын тоқиды, ән айтып, мерекелік іс-шараларға қатысады. Сонымен қатар еліміздегі саяси науқандарға қатысады, айтайын дегенім, ардагерлер өз еріктерімен ақысыз жұмыс істейді. Біз ардагерлер кеңесінің филиалы болғандықтан үкіметтік емес ұйымдарға бөлінетін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар алудан заң бойынша шет қалып отырмыз, яғни жарияланған конкурстарға қатысу құқымыз жоқ, осы мәселеде түсіністік танытып, оң шешім табуына көмек сұраймын,-деді Нина Тимофеевна.

— Мен жетекшілік ететін „Халықтар достығы„ қоғамдық бірлестігі еліміздегі, оның ішінде қаламыздағы этно-мәдени орталықтардың өзара ынтымағын нығайта отырып, мемлекет саясатына қолдау көрсетеді, жастарды тәрбиелеуге үлес қосады, сонымен қатар ел тарихына құрметпен қарап, аға ұрпақ өкілдеріне құрмет көрсетуді мұрат тұтады. Бір шаңырақ астындағы халқымыздың ынтымағы мен өзара ауызбірлігі нығайып, республикамыздағы ұлт-аралық татулық әрдайым берік болатынына сеніміміз мол, осы жолда мұнан әрі қарай да еңбек ете береміз,-деді „Халықтар достығы„ қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ильяс Баймұрзаев.

„Нұр Отан„ партиясының филиалында өткен дөңгелек үстелді қорытындылаған А.Есмұрзаев алдағы міндеттерді бірлесе атқарып, Тәуелсіздіктің 25 жылдығын лайықты қарсы алу жолында қоғамдық ұйымдар бірлесе жұмыс жүргізетініне сенім білдірді.

Руза АЛДАШЕВА



Тәртіп күзетінде

Биылдан бастап Ішкі істер басқармасының бір бөлімшесі – жергілікті полиция қызметі іске кіріскені мәлім. Жуырда қалалық мәслихаттың кезекті сессиясында Теміртау қалалық Ішкі істер басқармасы жергілікті полиция қызметінің бастығы, полковник Ж.Адылханов үстіміздегі жылдың бірінші жарты жылындағы жұмысы жөнінде есеп берді.

Қаламызда қылмыс жасау айтарлықтай деңгейге өскен, мұны есеп берген басшы қылмыстық әрекеттерді, құқықтық тәртіп бұзуды қылмысты тіркеу әдісінің өзгеруімен байланыстырды. Мәселенің байыбына барсақ, бұған дейін сотталғандығы әлі толық өтелмеген адамдардың жасаған қылмысы ғана есепке алынатын, енді кез-келген қылмыс есепке алынып, тіркеледі. Соның нәтижесінде қылмыстың саны көбейген. 2016 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қалада былтырғыға қарағанда кісі өлтіру екі есе өсіп, сегіз жағдай тіркеліп отыр. Сондай-ақ ауыр

Жергілікті полиция есеп берді

дене жарақатын салу бойынша қылмыс — 36. Ал көмелетке жасы жетпегендер қолымен жасалған қылмыс саны да айтарлықтай өскен. Есепті мерзімде жедел түрде 37 қылмыс ашылған, оның ішінде ұрлық — 10, көлікті айдап кету — 1, қарақшылық — 9, алаяқтық — 1, сонымен қатар 13 707 өкімшілік тәртіп бұзу фактісі тіркелген, өткен жылы оның саны — 13 437 болған.

Жергілікті полиция қызметінің басшысы жыл басынан бері көлік жүргізушілер тарапынан жол-көлік тәртібін бұзудың көптеп орын алып отырғанына назар аударды. Тіпті жүргізушілік куәлігінен айырылғандардың өзі рульге отырудан еш тартынбауда. Бұған 7 шілде күні Металлургтер даңғылы бойындағы «Корзина» сауда үйі алдында болған оқиға мысалға келтірілді. Кешкі сағат алтының кезінде Бейбітшілік және Металлургтер даңғылдары қиылысында сұр түсті «Лада» көлігі жаяу жүргіншілер жолымен өтіп бара жатқан 21 жастағы қызды қағып өтіп, салдарынан ол ауыр жарақаттан көз жұмды. Тексерсе келгенде көліктің рулінде отырған азамат бұған дейін жол қозғалысы тәртібін бұзғаны үшін жауапқа тартылып, куәлігінен айырылғанына қарамастан мас күйінде қайтадан көлікті тізгіндеген болып шықты. Бұл енді барып тұрған сорақылық.

— Жол көлігі қозғалысын бұзу оқиғаларын зерделесек, негізінен жылдамдық режимі

сақталмайтыны байқалады. Өткен алты айда 36 жол көлік оқиғасы анықталды, соның басым көпшілігінде жарақат алғандар немесе қайтыс болғандар жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өтіп бара жатқанын айту керек. Бұл бір жағынан тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мамандарының да кінәсі, өйткені жаяу жүргіншілер жүретін жол белгілері әзер көрінеді, ал оларды әлдеқашан, мамыр айында мектептерде каникул басталмай тұрып ретке келтіру керек еді, басқа да жол белгілерінің жайы мәз емес, көбі көрінбейді, ағаштардың тасасында қалып қойған, — деді баяндамашы.

Жыл басынан бері мас күйінде көлік басқарған 233 адам ұсталған, жаяу жүргіншілер жолының үстінде балаларды қағып кету оқиғасы орын алуда. Соның салдарынан 9-12 жастағы балалар мүгедек болып қалуда. Қала жолдарында бас-аяғы 11 мыңнан аса өрескел тәртіп бұзу фактісі орын алған. Күн сайын 200-ден аса тәртіп бұзу анықталуда, оның басым көбі ешбір ережеге қисынсыз, яғни бағдаршамның қызыл белгісіне өту, қарсы бетке шығу, апатты жағдай туғызу сияқты жалғаса береді.

Бұдан кейін жергілікті полиция басшысы жылжымалы жылдамдық өлшеуіштердің проблемасы туралы әңгімеледі. Қазір қалада іс жүзінде олардың бәрі істен шыққан, сондай-ақ қызметтік көліктер проблемасы да



қиындықтар келтіруде. Жол патрульдік полициясы иелігіндегі 38 көліктің 18-і әлдеқашан есептен шығарылған машиналар. Бұл жағдай жергілікті полиция қызметіне ондағылардың өз ісіне шынайы берілгендігімен қатар техникалық мүмкіндіктер жасалуы да қажеттігін көрсетеді.

— Өрине, мен осы қызметтің басшысы ретінде жол қозғалысы ережелерін мұқият сақтауға күш саламын, қажет болса өзім де жолға тұрамын. Мекемеде жұмыс істейтін 180 қызметкердің бәрі де жол-көлік оқиғаларын болдырмас үшін және де басқа да қылмыстардың алдын алу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды, — деді Жангелді Адылханов.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Имандылық

Мұсылманның ең құнды нәрселері не?

Сұрақ:
Ең құнды нәрселер нелер? Бұл жөнінде хадис бар ма?

Жауап:
Иә, көптеген хадис шәрифтер бар. Алайда, хадис шәрифтермен тура амал ету біздерге жаиз емес. Қате түсінуге себеп болуы мүмкін. Қажетті діни білімдерді фикһ кітаптарынан үйрену керек. Бір амалдың құнды болуы жағдайға, заманға және адамның жағдайына да байланысты. Сондықтан «Ең құнды амал мынау» деп нақты бір амалды айтуға болмайды. Пайғамбарымыз(Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ең құнды амалдарды сұрағандардың жағдайларына және шарттарына қарап білдірген. Мысалы, азық-түлік, тағамдар мол болған, бірақ су болмаған жерде шөлден қиналған адамға бір кесе су беру, көп нан беруден құнды болады. Құнды амалдардың кейбірлері хадис шәрифтерде былай білдірілген:

«Ең құнды амал – иман. Ең құнды иман – Алланы естен шығармау.» (Табарани)
«Ең құнды амал – біреуді Алла үшін жақсы көру, Алла үшін жек көру.» (И.Ахмед)
«Намаздан кейінгі ең құнды амал – ата-анаға жақсылық жасау.» (Мұслим)
«Намаздан кейінгі ең құнды амал – зекет.» (Табарани)
«Ең құнды амал – зікір. Ал ең құнды зікір – лә илаһә иллаллаһ деп айту.» (Табарани)
«Ең құнды амал – Аллаға жақсы ойда болу.» (Бәғәуи)
«Ең құнды амал – халал табыс.» (Ибн Лал)
«Ең құнды амал – сәлемдесуді жаю.» (Бәриқа)
«Ең құнды амал – Құран оқу.» (Ибн Қани)
«Ең құнды амал – қиыншылыққа сабыр ету.» (Тирмизи)
«Ең құнды амал – жақсы ниетті болу.» (Хаким)
«Ең құнды амал – нәпсіге қиын болғаны.» (И.Ғазали)
«Ең құнды амал – бәрі ұйықтап жатқанда түңгі намаз оқу.» (Ж.Жолы)
«Ең құнды амал – уақытылы оқылған

намаз.» (Әбу Дәуд)
«Ең құнды амал – бір мүминнің айыбын жасыру, қарнын тойдыру немесе бір қажеттілігін кетіру арқылы оны қуанту.» (Ис фәхани)
«Ең құнды амал – сені іздемегенді іздеу, сені мақұм қалдырғанға беру, саған жаман мәміле көрсеткен адамға кешірімді мәміле көрсету.» (И.Ахмед)
«Ең құнды амал – аш болған кедейді тойдыру, қарызын өтеу немесе бір



қиыншылығын шешіп беру.» (Табарани)
«Ең құнды мүмин – Алланы көп еске алған мүмин.» (Тирмизи)
«Ең құнды мүмин – кедей деп мән берілмейтін адам.» (Дәйләми)
«Ең құнды мүмин – оны көрген кезде Алла Тағала еске түсетін кісі.» (Хаким)
«Ең құнды мүмин – жоқ кезінде оны ешкім іздемейтін, сұрамайтын, бар кезінде құрмет көрсетілмейтін адам.» (Әбу Нуайм)
«Ең құнды мүмин – діні үшін туған жерін тастаған жат елдік адам.» (Ибн Мажа)
«Ең құнды мүмин – аз жеп, денесі әлсіз, арық болған адам.» (Дәйләми)
«Ең құнды мүмин – бала-шағасына пайдалы болған адам.» (Табарани)
«Ең құнды мүмин – айналасындағылардан бәрінің оның қолынан, тілінен саламатта, сақ болған адам.» (Мұслим)
«Ең құнды мүмин – өмірі ұзақ, амалдары жақсы болған кісі.» (Тирмизи)
«Ең құнды мүмин – жұбайына ең жақсы, ең мейірімді қарым-қатынас жасаған адам.» (Тирмизи)
«Ең құнды мүмин – жақсылық күтілетін, жамандығы тиметініне сенімді болған адам.» (Тирмизи)

Туыстық қатынас




* Алланың разылығын ниет ету.
* Әрдайым арнайы сәлем беріп, жағдайын сұрау.
* Қонаққа шақырып, қонақжайлық таныту.
* Туыстарына садақа беру.
* Қуаныш пен қиындықта қасынан табылу.
* Дұға жасап, тілекші болу.

* Ауырса жағдайынан хабар алу.
* Әр істерінде жәрдемші болу.
* Көркем қарым-қатынаста болу.
* Мейірімділікпен мәміле жасау.
* Кешірімді болу.
* Араздасқан ағайынды татуластыру.
* Ағайынмен байланысты ұзу-Алламен байланысты үзумен тең екендігін білу.
* Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю.
* Ағайын арасын алаламау, бөріне бірдей қарау.
* Туған-туыс арасында сөз тасымау.
* Ағайынмен татулық ризықтың көбеюінің көпілі екенін есте ұстау.
* Ағайын арасының жарастығы жәннатқа жетелер жол екендігін білу.
* Қайтыс болса жаназасына қатысу.

«Ағайын-туыспен тату тұру – ол уәжіп (міндет), туыстықты ұзу-харам (үлкен күнә)».

Ер адамның отбасындағы міндеттері

1. Әйелін тамақ, киім, сусындармен және қаржылай қамтамасыз ету.
2. Табысын адалдан табу.
3. Парыз амалдарын толық орындай алатын дәрежеде білім беру.
4. Ислам әдебін үйрету. Шаріғатқа сай киіндіру.
5. Егер екі немесе одан да көп әйелдері болатын болса, олардың арасында әділдікті сақтай білу. Барлығына тең қарау.
6. Жұбайы екеуінің арасындағы сырды сақтау.
7.Отбасын құлшылыққа бұйыру.
8.Балиғат жасқа келгенде перзенттерінің төсегін бөлек салуға үйрету.
9.Әйелі туыстарына сұранса жіберу.
10.Кешірімді болу. Әйелінің бойынан қандай да бір кемшілікті көркемдікпен түзету.




11. Әйелі мен балаларын бос, пайдасыз нәрселермен айналысуына тыйым салу.
12. Отбасындағы барлық жағдайларға жауапты өзі екенін ұмытпау.
13. Әйеліне әрдайым көңіл бөлу, әйелін өзінің назарында ұстау.

«Ең құнды мүмин – қанағат ететіні, ал ең жаманы – ашкөзді болған адам.» (Құдай)
«Ең құнды мүмин – онымен оңай тіл табысып кететін адам.» (Бәйһақи)
«Ең құнды мүмин – Құранды үйренген және үйрететін адам.» (Бұхари)
«Ең құнды мүмин – қарызын ең жақсы түрде өтейтін адам.» (Нәсаи)
«Ең құнды мүмин – мінезі ең жақсы болған адам.» (Бұхари)
«Ең құнды мүмин – ас беретін адам.» (Хаким)
«Ең құнды мүмин – сирек ашуланып, тез басылатын адам. Ал ең жаманы – тез ашуланып, қиын басылатын адам.» (Тирми зи)

«Ең құнды мүмин – дүниесі үшін ахиретін, ахиреті үшін дүниесін тәрк етпейтін адам.» (Хатиб)
«Ең құнды мүмин – сабырлы, жомарт және қамқор болған адам.» (Дәйләми)
«Ең құнды мүмин – ең ақылды болған адам.» (И.Ғазали)
«Ең құнды мүмин – малымен, жанымен Алла жолында жиһад еткен адам.» (Бұхари)
«Ең құнды мүмин – хикметті сөзді үйреніп, басқаларға үйрететін адам.» (Ибн Асакир)
«Ең құнды садақа – ілім үйреніп, басқасына да үйрету.» (Ибн Мажа)
«Ең құнды садақа – су беру.» (Нәсаи)
«Ең құнды садақа – аш болған жанды тойдыру.» (Бәйһақи)
«Ең құнды садақа – екі кісіні жарастыру.» (Табарани)
«Ең құнды садақа – тілін тию.» (Дәйләми)
«Ең құнды садақа – жасырын берілгені.» (Табарани)
«Ең құнды садақа – өзін жақтырмайтын жақынына берілгені.» (Табарани)
«Ең құнды садақа – Алла разылығы үшін досына қызмет ету.» (Адий бин Хатем)
«Ең құнды садақа – өз қажеттілігінен артылғанын беру.» (Бұхари)
«Ең құнды садақа – Рамазан айында берілгені.» (Тирмизи)
«Ең құнды жиһад – Алла жолында нәпсіге қарсы жасалғаны.» (Әбу Дәуд)
«Ең құнды жиһад – парыздарды орындау.» (И.Ахмед)
«Ең құнды жиһад – малымен, жанымен мүшриктерге қарсы күресу.» (Нәсаи)
«Ең құнды табыс – өз еңбегімен табылғаны.» (Ахмед)
«Ең құнды сүре – Фатиха.» (Хаким)
«Ең құнды намаз – парыздардан кейін тұратын, тәһәжжүд намазы.» (Мұслим)
«Ең құнды намаз – Жұма күні жамағатпен оқылған таң намазы.» (Бәйһ ақи)

«Ең құнды тәсбих – “Субханаллаһи уәлхамдүлиллаһи уәлә илаһә иллаллаһу уаллаһу әкбар”.» (Мұслим)
«Ең құнды ғибадат – фикһ үйрену.» (Табарани, Әбушшәйһ) «Ең құнды ғибадат – дұға.» (Хаким)
«Ең құнды дұға – Арапа күні жасалғаны.» (Бәйһақи)
«Ең құнды дұға – кешірім тілеу.» (Тирмизи)
«Ең құнды уақыт – түннің екінші жартысы.» (Табарани)
«Ең құнды есім – Абдуллаһ және Абдуррахман.» (Мұслим)
«Ең құнды жерлер – мешіттер. Ал ең жаман жерлер – базарлар.» (Табарани)
«Ең құнды ораза – Дәуд әлейһиссаламның оразасы. Ол бір күн ораза ұстап, бір күн ұстамайтын еді.» (Мұслим)
«Ең құнды иман – тағдырға разы болу.» (Әбу Нуайм)
«Ең құнды мінез – ешкім зиян көрмесін деп үндемей тұру.» (Ибн Мүбарәк)
«Ең құнды ас – айналасында көп қол созылған тамақ.» (Табарани)
«Ең құнды үй – ішінде жетімге сый-сияпат көрсетілетін үй.» (Бәйһақи)
«Ең құнды қазына – салиха әйел.» (Хаким)
«Ең құнды іс – уасат (орта жолда) болғаны.» (Бәйһақи)
«Ең құнды дос – Алланы еске алғанда жәрдем беретін, ұмытқанда саған еске түсіретін адам.» (Хаким)
«Ең құнды дос – сөздері ілімдеріңді арттыратын, ал амалы ахиретті еске түсіретін адам.» (Хаким)
«Ең құнды әйел – намысын қорғаған, көзі сыртта болмаған әйел.» (Дәйләми)
«Ең құнды әйел – өзін күйеуіне жақсы көргізген, онымен жақсы қарым-қатынас жасаған және тіл табысқан әйел. Ал ең жаманы – ашық-шашық киінетін, тәкәппарланатын әйел.» (Бәйһақи)

М. ҚҰБЛАЙХАНОВ,
Теміртау қалалық мешітінің
найб имамы



Сәжденің қасиеті

Шипалық Алладан болсын! Аса бір кереметтей имандылыққа бет бұрып, бес уақыт намаздың қадір қасиетіне зейінін салып ықлас танытпаған жандар әліде халықтың басым бөлігін құрайды. Олар намаздан «кет әрі» емес. Көбісінің айтатыны уақыты келгенде сәл кейінірек оқи жатармыз деген сылтауды ұстанады. Бірақ қысылғанда қымыз шығады дегендей зәбір жапаға кез бола қалса Алланың қажеттілігін сонда ғана еске алатыны дағдыланған әдеті. Әкініштің басы осында жатыр. Қоғамның от басына түсетін ауыртпалықтарының не бір салмағынан қалай шығамын деген шырмауда жүріп, намаздың сәждеге барғандағы оның шексіз қадір қасиеті бар екендігіне қайдан көңіл аударсын.

Дамыған Ислам мемлекеттерінде имандылықтың адам баласына пайдалы көптеген қасиеттерін зерттеп зерделеп анықтау үстінде. Осының бір көрінісі, Египеттің орталығы Каир қаласында орналасқан «Сәулелер технологиясы орталығы», «сәжде»-нің адамды қатерлі ісіктен сақтайтынын анықтап әлемге паш етті.


Жақсылық сенің жаныңда жүреді жағалап менің көрсе екен пайдамаң деп. Ал жамандық жүреді алақанын үйкелеп сенің шалысыңды сығалап. Жақсылықтың жайсан рақымы жайында Алла Тағала өзінің құнды кітабі Құран Кәрімді былай сөйлетеді. «Кім де кім тозаңның түйіріндей жақсылық істеген болса, оның сыйын көреді. Кім де кім тозаңның түйіріндей жамандық істеген болса, оның да жазасын тартады»-деп. (Зилзала) сүресі, 7,8-аяттар)
Жақсылықтың адам баласына арнай-тын бірінші ықпалы оның амандығы яғни ден саулығына алаңдауы. Амандық саулық әр кімнің өзіне тән байлық. Назарыңнан шығарып алсаң оның ақыры еш қандай амал-әрекеті қабылдамайтын қатерлі науқасқа апарып тірейді. Әлсіз сусынан ағзаны әлімжеттікке салатын қатердің аты «Рак». Оны осылай атаудан да қайымғамыз да «аты жаман бөле» деп жұмсартуға тырысамыз. Қатерлі ісік деген сөзді естудің өзі «қатерлі». Алла сақтасын, егер де осы пәлеге ұрынар болсаң жаратылыстың жарығынан, өмірдің ләззәтінен мақұм кешіп тіршіліктен күдер үздім дей бер. Бірақ оған да қоятын тосқауыл бар екеніне Египеттегі Каир «Сәулелер технологиясы орталығының» бөлім бастығы, биология ғылымының профессоры Мұхаммед Зияддин Хамит осынау құбылыстар жайында көп жылдар бойы еңбектеніп ақыры нәтижеге қол жеткізді. Нәтижесіне тоқталар болсақ ол былай түйіндейді.

Бүгінгі таңда, жер шарындағы өмір сүріп жатқан барша адамдарды жан жағынан электро-магниттік толқындар қоршап тұрады екен. Ал адамның ағзасы өзіне көптеген зиянды сәулелерді қабылдап, және оны денесінен ажыратып сыртқа кеңістікке шығарып тұратын көрінеді. Әр адамның бойындағы осы электро-магниттік қуат намаз үстінде яғни сәждеге барған кезде сыртқа шығатыны байқалған. Адамның сәждедегі жерге тиетін жеті ағзасы арқылы бойдағы жағымды да жағымсыз қуаттары өте жылдам тез үлгеріп сыртқа шығады екен. Бұл құбылыс намаздағы адамның шаршап шалдығуын басып, ағзадағы кейбір ауруларға шипалы болатынын Жаратушы Иеміз орайластырып қойғаны қандай ғажап десейші.

Сондай ақ зерттеу нәтижесі өте тиімді шешімдерге тоқталады. Мәселен: Сәжде кезінде әсіресе жүкті әйелдерге өте пайда-лы болатындығы сезілген. Әйелдердің түсік тастау қаупінің алдын алуға болатынын анықтаған.

Бір қатар физикалық және психологиялық ауруларға да оңтайлы әсер ететіндігі дәлелденген. Міне ағайын істеген жақсылықтың нәтижесі имандылықпен ұштасып тұратыны осында болса керек. Шипалық Алладан болсын!.

Естай АМАНТАЙҰЛЫ,
Теміртау Орталық мешітінің найб
имамы



Жыл сайын облысымыздағы су тораптарында 50-ге жуық адам суға кетеді, олардың арасында ата-аналары қараусыз қалдырған балалар да бар. Судағы өлім жол-көлік апаты мен ерттен кейінгі үшінші орында тұр.

Сақ болыңыздар, суда жүзу ережелерін қатаң сақтаңыздар! Бұл орны толмас екіншітер мен ата-ананың, туған-туыстың қайғы-қасірет шекпеуінің алдын алады. Екіншітсі сол, кейде жақсы жүзе білетін адамдар суға жиі кетеді, олар өздеріне сенімді болып, өз күш-жігерлерінің қаншалықты деңгейде екендіктерін дәл пайымдай алмайды. Су қоймаларындағы өлім себептерін талдағанда, суға кеткендердің басым бөлігі ережені ескермегендер болса, үштен бірі - мас халде болғандар, қалғаны - ата-аналарының қарауынсыз қалған балалар.

Естеріңізге саламыз, суда демалуға келдіңіз бе немесе қармақ салып отырсыз ба, ең бастысы қарапайым қағидамын есте сақтау қажет. Егер жүзуді білмесеңіз, онда су белуардан асатын жерге жоламаңыз.

Мас халде және тойып тамақтанғаннан соң шомылмаңыз. Егер ішімдік ішкен болсаңыз, онда суға түскенде ағза өзін-өзі бақылауда ұстай алмайды, жүрек қызметі мен тыныс алу ауырлап, адамды ұйқы қысатын болады.

Таныс емес жерлерде шомылуға тыйым салынады, өйткені ол маңның ой-шұқыры түрлі дене жарақатын алуға, тіпті суға батып кетуге мүмкіндік береді. Сондықтан тек арнайы белгіленген жерлерде, мысалы,



Жадыңызда жүрсін

Теміртау қаласының Төтенше жағдайлар бойынша басқармасы қала тұрғындары мен қонақтарын, балалар лагерьлерінің жұмыскерлерін, демалыс орындарының басшыларын өздері мен балаларының қамын ойлап, судан сақ болуға шақырады.

жағажайлар мен су станцияларында шомылыңыздар, себебі мұндай жерлерде құтқарушылардың кәсіби көмек көрсетуі қамтамасыз етілген.

Балаларды қараусыз қалдырмаңыздар. Оларды су аңғарларында жалғыз қыдыруға жібермеңіздер. Балалармен бірге демалып оларды бір сәт те көзден таса қалдырмаңыздар, суға шомылғанда да бақылауда

Жүзу кезінде тақтайшаларды, доптар мен көліктердің үрлемелі камераларын, яғни жүзуге арналмаған заттарды мүлде пайдаланбаңыздар.

Жүзу құралдарын пайдаланғанда құтқару белдігі мен кеудешесіз қайық жиегінде отыруға, бір орыннан екіншісіне ауысуға, қайықта отырып суға сүңгуге, қайыққа артық салмақтағы



ұстаңыздар. Суда жүзуге арналмаған заттармен шомылуға рұқсат бермеңіздер. Жасы 14-ке толмаған балаларға су қоймаларында жалғыз жүруіне тыйым салынған!

Өз-өзіңізді бақылауда ұстауды ұмытпаңыз, суық суда ұзақ уақыт қалмаңыздар, сонымен қатар бөстесіп суға түспеңіздер, ұзақ қашықтықты жүзбеңіздер. Суда ұзақ уақыт болу дененің салқындауына әкеп соғады, ол өмір үшін аса қауіпті, өйткені ес-түссіз қалып немесе тыныс алу жолдары уақытша тоқтап, қауіпті ұстамалар орын алуы мүмкін. Сондықтан суда жүзу ұзақтығы 10-15 минуттан аспауы тиіс.

Түнгі уақытта суға түспеңіздер, себебі көру қабілеті нашарлап, адам бағытынан тез жаңылады. Сөйтіп, қорқыныш сезімі пайда болады. Сонымен қатар үлкен толқындарда жалғыз шомылуға болмайды.

жүк салуға, 14-ке толмаған балаларды ересектерсіз алып шығуға тыйым салынады. Суда қайғылы оқиға орын алған жағдайда әрбір адам „жедел жәрдем“, келгенше алғашқы медициналық көмек көрсете білуі тиіс.

Суға батып бара жатқан адамға оның арқа тұсынан жүзіп барған дұрыс. Жақындаған соң оның басынан, иығынан, қолынан, жағасынан ұстап, жүзін жоғары қаратып бос қол-аяқпен жағаға қарай жүзу қажет.

Естеріңізде болсын: зардап шеккенді оның тыныс алуы тоқтағаннан кейін 6 минуттың ішінде өмірге қайта әкелуге болады.

Қауіпсіздік шараларын сақтау - адамдардың су қоймаларындағы қауіпсіздігінің басты шарты.

Теміртау қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы

Өмір мейіріммен мәнді

Мен зейнеттегі жанмын, қарттықтың дұрыс естімеу, тіп-тік жүре алмау, ұмытшақтық деген секілді өзіне тән белгілері болатыны мәлім, мұны айтып отырғаным, жақында мен қаламыздағы қоғамдық көлікте тегін жүріп-тұру билетімді жоғалтып алдым, оны маған қалалық ардагерлер кеңесі берген болатын. Мына қызыққа

қараңыз, сол күннің ертесіне ардагерлер кеңесіне бір қыз келіп, менің жоғалтқан билетімді тауып алғанын айтып, тастап кетіпті.

Бұл туралы естігенімде баладай қуандым, себебі, біріншіден, билетім табылды, екіншіден мына өмірде адал, жауапты адамдардың бары көңілімді бір марқайтып тастады. Ол қыз өзінің аты-жөнін де, телефон нөмірін де қалдырмапты,

сонда да болса мен шын жүрегімнен оған алғысымды осы газет арқылы жеткізуді жөн көрдім. Сырттай қарағанда бұл қарапайым ғана қадам, ал шын мәнісінде қарттарға деген құрмет, бей-жай қарамау секілді түрбиенің бастауы жатыр мұнда. Сондықтан рахмет айтамын қарағым, әрқашан денің сау болсын, қарттардың батасымен көсегең көгере берсін демекпін.

Қалия Үкенқызы, зейнеткер

МЕНШІК ИЕСІ:

«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы» ЖШС

ДИРЕКТОР

Б. ОРДАБАЕВ

Бас редактор: Руза АЛДАШЕВА

Техникалық редактор:

Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады

Тапсырыс 60

Тиражы 700 дана.

Форматы А-3.

Көлемі 3 баспа табақ.

Офсетті басылым:

Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.

Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.

(Қарағанды к., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 65023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.

Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз:

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Құттықтау

Теміртаудың байырғы тұрғыны, денсаулық сақтау саласында жемісті еңбек етіп, халықтық медицинаға өз үлесін қосқан Айнагүл қажы Жалпарова зейнет жасына жетіп отыр. Құдағиым әрі рухани досым Айнагүлді осы мерекесімен шын жүректен құттықтап, мықты денсаулық, отының басына амандық тілеп, мына жыр жолдарын арнаймын:

*Келді бұл дүниеге сәби нұрлы,
Жарқырап нұрын төгіп күнде тұрды.
Шілденің он алтысы күні оны,
Аллаһым жаратыпты сүйген құлды.*

*Қыз еді жастайынан жүзі жарқын,
Көркіне мінезі сай сондай балғын.
Микробиолог, технолог һәм дәрігер,
Мамандықтар иесі өзі тарғын.*

*Айнагүл өзі тағы психолог маманы,
Дін жолының жаны адал адамы.
Араб тілін өзі үйренді талпынып,
Намазханның құтты болсын қадамы.*

*Жүрегінде діні бар берік қорған,
Қашан барсаң үйінде қонақ толған.
Жетімдерге қамқор боп жүр бұл ана,
Халқым өзі беріп жүр оған баға.*

*Көрмедік бұл сіңілімнің жаманатын,
Естіп жүр халқым оның адал атын.
Бес парызын әсте ол ұмытпайды,
Орындап жүр Алланың аманатын.*

*Қуат берсін бір өзіңе құдайым,
Солмасыншы келбетіңнен шырайың.
Қымбаттысың бәрімізге Айнажан,
Рухани достар бірге жүрсін ылайым.*

*Құтты болсын зейнет жасың бұл күнің,
Алаңсыз өтсінші сенің әр түнің.
Сіңілім тілеймін саған ұзақ өмір,
Арамызда үнемі биік құның.*

*Ортамызда қажы болып жүре бер,
Жақсылыққа құлағыңды түре бер.
Уағыздай бер бізге асыл дінімізді,
Аллаһ берген өзіңде тән білімді.*

*Өміріңде талай қызық табылар,
Өзің барда отбасыңның мәні бар.
Ат терлетіп арнап келген тәтеңнің,
Шын көңілмен құттықтауын қабыл ал.*

Ізгі ниетпен: Әпкесі, құдағиы, рухани досы, педагогикалық еңбек ардагері Қайыржамал Омарқызы Қыдырбаева. Солтүстік Қазақстан облысы. 16 шілде 2016 жыл.

Президенттік шәкіртақы беріледі

ҚарМИУ оқу кеңесінің шешімімен екі студентке президенттік шәкіртақы тағайындалды. Олардың иелері «Автоматтандыру және басқару кафедрасының» студенті Зәмира Арапова мен «Құрылыс» кафедрасы студенті Андрей Мойсеев. Жыл сайын Президент қоры еліміздегі әрбір жоғарғы оқу орнына шәкіртақы бөледі, студенттердің санына қарай әрбір жоғарғы оқу орнына бөлінетін бұл ерекше қаражат биыл ҚарМИУ-дың екі студентіне бұйырды.

– Мұндай ерекше шәкіртақы тек беске окитын, сонымен бірге ғылыми, қоғамдық, мәдени, спорттық өмірге белсене араласатын жастарға беріледі. Оқуда үздік болумен қатар тәртіпті, жауапты, түрлі жарыстардың жеңімпазы болу қажет. Биыл екі студент осындай нәтижеге жетті. Жоғарыда аттары аталған екеуі де үздік, А.Мойсеев осыдан үш жыл бұрын грант бойынша түскен еді, ол топ старостасы, республикалық, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда көзге түскен. Ал Зәмира Арапова болса «Қамқор» еріктілер қозғалысының жетекшісі, «АрселорМиттал Теміртау» грантының иегері, бірнеше ғылыми конференцияларға қатысқан, енді міне, Президент шәкіртақысын жеңіп алды. Бұл студенттер шын мәнінде нағыз үздіктер, – деді «Машина құрастыру және автоматтандыру» факультетінің деканы Д. Мусин.

Қ-Ақпарат